

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Қоғамды елдік істерге ұйыстыру айқындалды



Өткен жұмада Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиын барысында салаға жауапты ведомствоның 2022 жылғы жұмысының қорытындысы мен алдағы жоспары баяндалды.

Отырысқа Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, қоғам және мемлекет қайраткерлері, БАҚ өкілдері, азаматтық қоғам белсенділері мен халықаралық ұйым басшылары қатысты. Алқа отырысында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды.

«Өткен жыл айшықты оқиғаларға толы, сынағы көп сындарлы жыл болды. Елімізде қолға алынған кезекті реформалар пакеті іргелі істердің жүзеге асуына жол ашты. Президенттің министрлікке жүктеген 8 тапсырмасының 5-еуі орындалды, қалғандары іске асырылып жатыр», деді Д.Қыдырәлі.

Министрдің сөзіне сүйенсек, салаға жауапты мекеме әлемдік белді сарапшылардың, белгілі ғалымдар мен саясаткерлердің және халықаралық ұйым өкілдерінің қатысуымен кездесулер ұйымдастырған. Сондай-ақ дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың басшыларымен 60-тан астам екіжақты кездесу өткізген.

«Этносаралық және конфессияаралық келісімді, берекелі бірлігімізді нығайту – басты мақсаттарымыздың бірі. Президент тапсырмасына орай, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы дайындалды. Еліміздің саяси өміріндегі маңызды іс-шаралардың бірі 50 елден 100-ден астам делегация қатысқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтті.

«Қоғамдық бақылау» және «Онлайн петициялар» туралы заң жобалары Парламент Мәжілісінде мақұлданып, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңға өзгерістер енгізіледі. Қоғамдық кеңестер азаматтық қоғамның

мемлекеттік органдардың қызметіне араласуының пәрменді тетігіне айналды. 2022 жылы қоғамдық кеңестердің құрамы 90 пайызға жаңартылды.

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» жұмысы қайта қаралуда. Алдағы уақытта оның бағыт-бағдары кешенді ғылыми зерттеулерге байланысты болуға тиіс. Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайға министрлік жауапты болды. «Quryltai» мобильді қосымшасы іске қосылып, «Ұлттық құрылтай» телебағдарламасы көрсетіле бастады», деді Д.Қыдырәлі.

Сондай-ақ былтыр Орталық Азия волонтерлер форумы ұйымдастырылды. Соның қорытындысы бойынша Орталық Азия волонтерлер хабын құру туралы шешім қабылданды.

«Таяуда «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң қабылданды. Заңға сәйкес жастар санаты 35-ке дейін ұлғайды. Осылайша, еліміздегі осы санаттағы азаматтар саны 6 млн-ға дейін көбейді. Енді осы салада ауқымды істер атқарылып, заң игілігін барша жастарымыз көреді деген сенімдеміз.

2023-2027 жылдарға арналған Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының жобасы әзірленіп, ашық талқылауға ұсынылды. Еліміздегі Жастар ресурстық орталықтарына бір жыл ішінде түрлі мәселе бойынша жүгінген жастар саны 400 мыңнан асады. Сондықтан жастар ресурстық орталықтары еліміздің барлық өңірінде ашылуы қажет.

2022 жылы Жастар практикасынан өту кезеңі 6 айдан 12 айға дейін және «Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша 12 айдан 18 айға дейін ұзартылды. Бұл жастар үшін алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға және табыс табуға жақсы мүмкіндік. 2022 жылы «Zhas project» жобасы іске асырылды, оның шеңберінде жастардың бизнес бастамаларын қолдау үшін 1 млн теңгеден 250 грант берілді. Дарынды жастарды қолдау мақсатында 3 млн теңгеден 33 «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты тағайындалды. Бұл грант жыл сайын беріледі және оның көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз», деді Д.Қыдырәлі.

Министрдің сөзіне сүйенсек, жастардың тұрғын үй мәселесін шешу бойынша нақты жұмыстар жалғасады. Қазір өңірлік тұрғын үй бағдарламалары 6 өңірде іске қосылған. Биыл жыл соңына дейін осындай бағдарламаларды 10 өңірде әзірлеу жоспарланып отыр.

«Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің құрамы жаңартылды. 2022 жылы желтоқсанда Астана қаласында 500-ден астам адамның қатысуымен «Qogam Fest» жастар жобасы ұйымдастырылды. Сондай-ақ Қазақстанда алғаш рет өткен жылдың қараша айында еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ден астам блогердің қатысуымен министрліктің «Тік-Ток house» жобасы іске асырылды. Жалпы жастар саясаты саласында жасалып жатқан жұмыстар өз нәтижесін бере бастады. Мәселен, Қазақстан Жаһандық жастардың дамуы индексында

(Youth Progress Index) 150 мемлекеттің ішінде 63-тен 54-орынға көтерілді», деді Д.Қыдырәлі.

Бұдан кейін ведомство басшысы Президенттің министрлікке салалық заңнаманы жетілдіру міндетін қойғанына тоқталды. Оның айтуынша, дәстүрлі БАҚ-тың бағыты концептуалды тұрғыда өзгеріп жатыр. «Жаңа медиа» деген түсінік қалыптасқан.

«Осы салада атқарылған жұмыстарды бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Медиа заңнаманы қайта қарау жұмысы жүргізіліп отыр. Балаларға қатысты кибербуллингті реттеуде заңнамалық түзетулер енгізілді. Халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, «Масс-медиа туралы» Заң жұртшылық талқылауына шығарылды.

Сондай-ақ онлайн-платформалар мен интернет-жарнаманың қызметін реттейтін жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр. Заң жобасы аясында журналистердің мәртебесін көтеру, мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін реформалау, өзін-өзі реттеу институттарын дамыту, телерадио хабарларын тарату саласындағы трендтерді өзгерту жоспарланған.

Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі заңға түзетулер әзірленді. Ұсынылған өзгерістер, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеген мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтеді. Ақпараттық доктрина талқылаудан өтті. Сондай-ақ Ақпарат саласын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын дайындауға кірістік», деді Д.Қыдырәлі.

Сондай-ақ елімізді саяси өзгерістерге бастаған жалпыхалықтық референдум мен Президент сайлауы тұсында түрлі дебаттар ұйымдастырылып, нон-стоп жағдайында ақпарат таратылғанын жеткізді. Мәселен, алғаш рет 16 сағаттық 2 онлайн-марафон өтті.

«Бірінші рет ұйымдастырылған Орталық Азия медиафорумына өзге мемлекеттерден экс-президенттер, медиа саласының белгілі мамандары, Пулицер сыйлығының иегерлері бастаған 300-ден астам делегат қатысты. Түрлі тақырыптағы 18 сессиядан тұрған форумды тұрақты платформаға айналдыру ниетіміз бар.

2022-2023 жылдарға арналған медиа білім беру сапасын арттыру жөніндегі арнайы жоспар аясында Astana Media Week халықаралық форумы өтті. Іс-шараға Қазақстан мен шетел медиа индустриясындағы 150-ден астам топ-менеджердің қатысуымен 30-ға жуық семинар-тренинг, панельдік сессиялар болды. Мемлекеттік органдардың 100-ге жуық баспасөз қызметкеріне жеке семинарлар ұйымдастырылды.

Дәстүрлі «Тұмар» және «Үркер» сыйлықтары тапсырылды. Әлемдік «Tiji», «Nickelodeon» арналарының мультфильмдері қазақ тілінде көрсетіле бастады. Аталған арналармен қазақ ертегілері негізінде анимациялық өнімдер жасау мәселесі келісіліп жатыр», деді Д.Қыдырәлі.

Министр келтірген деректерге сүйенсек, 2022 жылдың қорытындысы бойынша жалпы мемлекеттік БАҚ-тағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі 83%-ды құраған. Бұдан бөлек, министрлік халықаралық байланысты нығайтып келеді. Мәселен, жаңа медиа мен азаматтық журналистиканы дамыту мақсатында Meta, TikTok, Google, Mail.Ru Group, LinkedIn компанияларымен қарым-қатынас орнатылды.

«Нәтижесінде алғаш рет Meta компаниясының Instagram, Whatsapp, Facebook, Messenger-дің Қазақстан бойынша ресми өкілдері айқындалды. Сондай-ақ TikTok корпорациясының аймақтық офісі ашылды. Facebook пен TikTok-тің интерфейсін қазақшалау бойынша келісімдер жасалды. Сол сияқты БҰҰ-мен және оның бірқатар ұйымдарымен қарым-қатынас артты. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату жұмыстары жүйелі жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда халықты цифрлық хабар таратумен қамту 93%-ды құрады. Бұл ретте, 13 өңір цифрлық эфирлік форматқа 100% көшті.

2023 жылы елдің шекаралас аудандарында отандық радиохабарлармен қамтуды кеңейту жұмысы күшейтіледі. Әсіресе, шекаралас аймақтар радиохабар таратумен қамтамасыз етіледі. Отандық телеарналарда тарихи контент өндірісі жалғасуда. 2022 жылы қазақ зиялыларының өмірі мен қызметі туралы 6 сериалдың көрсетілімі өтті. Бұл үрдіс ұлы тұлғаларды ұлықтаумен ғана шектелмей, ауқымды тақырыптарға ұласуға тиіс деген ойдамыз. Қалтарыстағы қаһармандар, тасадағы тұлғалар, қарапайым еңбек адамдарын дәріптеудің жаңа көркемдік шешімдері ұсынылуы қажет», деді Д.Қыдырәлі.

Бұдан кейін сала басшысы атқарылған ауқымды жұмыстар мен сараланған жоспардың ауқымдылығына қарамастан, салада қордаланған мәселелер бар екенін жеткізді.

«Жалпы кез келген контент әлеуметтік сауалнама мен медиа және ғылыми зерттеулерге негізілдеуге тиіс. Мемлекеттік телеарналарда рейтинг қуу басты мақсатқа айналмауы керек. Сондықтан уақыттың талабына, көрерменнің талғамына сай салиқалы, салмақты контенттерге басымдық беру керек. Халықтың салығынан, мемлекеттің қазынасынан бөлінген қаржының әр тиынына жауапты екенімізді ұмытпаған жөн. Көрермен бізден мазмұнды, тағылымды жобалар күтеді. Мемлекет қаржысы мемлекет мүддесіне, ел игілігіне, халықтың пайдасына жұмсалуды қажет. Салмақты сараптамалар мен журналистік зерттеулер, сапалы деректі фильмдер мен YouTube жобаларға және креативті индустриямен айналысатын талантты жастарға қолдау көрсетуге әзірміз. Осы орайда, отандық медиа өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін үздік телесериалдар мен анимациялар, әлеуметтік роликтерге арналған жаңа ұлттық байқау ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз.

Біз дәстүрлі медиаға да, жаңа медиаға да теңдей қолдау жасауға әзірміз. Отандық баспа БАҚ біздің басты назарымызда. Жақын арада министрлік өңірлік баспа БАҚ форумын өткізбек. Аталған іс-шарада өңірлік газеттер мен журналдардың көкейтесті мәселелері қаралып, өз шешімін табатындығына сенеміз.

Өткен жылдың соңында «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ЖШС мен Қазақ газеттері бірікті. Осы оңтайландыру жұмыстары аясында балалар басылымдарына біз ерекше көңіл бөліп, дамудың жаңа жолдарын іске асырамыз. «Қазпошта» акционерлік қоғамымен баспа басылымдарын уақтылы жеткізу, жазылуға оңтайлы жағдай жасау туралы меморандумға қол қойдық. Сонымен қатар жаңа заң аясында басылымдардан қосымша құн салығы алынып тасталады», деді Д.Қыдырәлі.

Бұдан кейін Премьер-министрдің орынбасары А.Көлгінов сөз алды. Спикер өз сөзінде Мемлекет басшысы тапсырмасының сапалы орындалуы аса маңызды екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы ұлтаралық бірлік пен конфессияаралық келісімді нығайту саясатын «Бірлігіміз – әралуандықта» жалпыға ортақ қағидасы негізінде жалғастыруды тапсырды. Елдің бірлігі мен ұлтаралық келісім мәселелері қашанда басты назарда. Осыған байланысты министрліктің алдында мемлекеттік органдармен және Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, тұрақтылықты сақтай отырып, «Бірлігіміз – әралуандылықта» қағидаты бойынша этносаралық бірлік пен конфессияаралық келісімді нығайту бойынша белсенді шараларды жалғастыру бойынша үлкен міндет тұр», деді А.Көлгінов.

Сонымен қатар волонтерлар мен волонтерлік ұйымдардың жұмысы туралы да пікір білдірді. Оның айтуынша, бұл салаға Мемлекет басшысы оң баға берген.

«Қазіргі уақытта Qazvolunteer.kz бірыңғай онлайн платформасы жұмыс істейді, онда бүгінде 50 мыңнан астам волонтер, 680 ұйым және 1000-нан астам жоба тіркелген. Жыл сайын кем дегенде 50 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл жұмысты бұрынғыдай қарқынмен жалғастырып, биыл еріктілердің халықаралық форумын өткізіп, жұмыстарыңыздың нәтижесін көрсету керек», деді А.Көлгінов.

Жиын соңында қатысушылар өз ой-пікірлерін білдірді.

Абай Отар